


БАЛА МЕН БАЛАБАКША

Республикалық педагогикалық журнал

№9, 2021

Республиканский педагогический журнал

РЕБЕНОК В ДЕТСКОМ САДУ



«Музыкалық аспап домбыра»

Бабашева Айлана, «Ай-Жұлдыз» балабақшасының тәрбиешісі
Атырау қаласы

Мақсаты: Балаларды ұлттық аспаптармен таныстыру, оларды бір-бірінен ажырата білуге үйрету. Ұлттық аспаптардың ішінде домбыра туралы оның жасалу жолы мен құрылысына тоқталу. Ұлттық аспабымыз домбыраға деген сүйіспеншіліктерін арттыру.

Жүру барысы:

Біз қандаймыз, қандаймыз

Шұғылалы таңдаймыз

Күлімдеген күндейміз

Ренжуді бізмейміз

Қуанамын менде

Қуанасын сенде

Қуанайық достарым

Арайлап атқан күнге

Сабағымызды бастамастан бұрын мен сендерге сұрақ қоямын.

-Балалар біз қандай мемлекетте тұрамыз?

-Біздің ұлтымыз қандай?

Оркестр дауысын естірту.

-Балалар ненің даусын естіп тұрсыңдар?

-музыкалық аспаптардың даусы?

-Бірнеше аспап бірігіп ән не күй орындаса қалай аталады?

-Оркестр.

-Жарайсыңдар сендер қандай музыкалық аспаптарды білесіңдер?

-Домбыра, қобыз, жетіген, сыбызғы, барабан, гитара

Музыкалық аспаптар жайлы түсінік беру. Слайдпен жұмыс

Сазсырнай – қазақтың ұлттық аспабы. Саз балшықтан, күйдіріліп жасалады. Үрмелі аспаптар қатарына жатады.

Жетіген - қазақ халқының өте ерте заманнан келе жатқан жеті ішекті шертпелі музыка аспабы. Аспап ағаштан құрастырылып жасалады. Құрылысы өте қарапайым. Аспаптың үні өте нәзік, құлаққа жағымды. Ел арасында аспаптың шығуы жайында көптеген аңыздар айтылады. Сол бір аңыздың бірінде : өткен заманда өмір сүрген бір қарияның жеті баласынан айырылған қасіретті қайғысынан туындаған әуендеседі. Бізге «Жетіген» деген атау осылай жеткен. Қазіргі кезде Жетіген аспабы көптеген ансамбльде ойналып, кеңінен насихатталып келеді.

Қобыз – Ысқыспен ойналатын, қос ішекті ескі музыкалық аспап. Халық арасындағы аңыздарға қарағанда, бұл қобыздың пайда болуы сегізінші ғасырда өмір сүрген, күй атасы Қорқыттың есімімен тығыз байланысты.

Сыбызғы – қазақтың үрмелі көне музыкалық аспабы. Қурайдан, ағаштан, кейде жезден де жасалады. Ұзындығы 600 - 650 см не 700 - 800см болады. 3 - 4 ойықты. Сыбызғы ойықтарынан демді жай немесе күшті шығару арқылы түрлі дыбыс әуендері туады. Сыбызғы негізінен бақташылар арасында кең тараған. Бұл аспаптың жетілдірілген түрі фольклорлық - этнографиялық ансамбльдер мен оркестрлерде қолданылады.

Шаңқобыз – қазақтың көне музыкалық аспабы. Ағаштан, темірден кейде күмістен жасалады. Ағаштан жасалған шаңқобызға жіп байланып, сол жіпті серпіп тарту арқылы ортасындағы тілше тербеліп, дыбыс шығарады. Ол ашала сым

темірден немесе күмістен жасалған. Белгілі бір музыкалық әуен шаңқобыз арасында бекітілген тілін саусақпен шалып тарту арқылы орындалады.

Асатаяқ - тұтас ағаштан жасалған, оның басында темір теңгешелер, қоңыраулар ілінген, сілкіп ойнайтын аспап. Қоңыраулар күміс, алтын, қорғасын сияқты асыл тастардан жасалған. Қоңыраулар соғылғанда әдемі үн шығады.

Барабан, музыкада — үрмалы музыкалық аспап. Шанағының қаңқасы ағаштан, темірден жасалады да, екі беті көнмен қапталады. Қазір Барабан аспаптық ансамбль, оркестр құрамына пайдаланылады.

-Мен сендерге жұмбақ жасырамын сендер жауабын шешіп көріңдер сол кезде бүгінгі сабағымыздың тақырыбы шығады

Жұмбақ

Ұзын мойны,

Екі ішек,

Қатар-қатар тепкішек.

Басып көрсек бір-бірлеп,

Үн шығады күмбірлеп. (Домбыра)

Слайдпен жұмыс

Домбыра – қазақтың ұлттық аспабы. Қос ішекті шертіп ойнайтын музыкалық аспап. Аспап әртүрлі үлгіде тұтас ағаштан ойылып жасалады. Тоғыз, он бір, он төрт, жиырма төрт пернесі болады. Күй арнайы құлақтарымен келтіріледі. Аспап үні қоңыр, құлаққа жағымды әрі жұмсақ болып келеді. Домбыра аспабымызбен танысып, домбыраның құрылысына тоқталайық. 1.Құлағы. дыбысты келтіру үшін. 2.Шанағы. 3.Пернелері. 4.Қақпағы. 5.Тиегі. 6.Ішегі.

Құрманғазы Сағырбайұлы – Батыс Қазақстанда 1818 жылы дүниеге келген. Құрманғазы Сағырбайұлының алғашқы ұстазы Ұзақ күйші.

Құрманғазы Сағырбайұлы – күйлері: «Ақсақ құлан», «Адай», «Қайран шешем», т. б. күйлер бар.

Құрманғазы жасынан домбыраға әуес болды. Ол Ұзақ күйшіден тәлім алып, есейген шағында домбырашылық, күйшілік шеберлігін танытты. XIX ғасырдың аса көрнекті композиторы, күй атасы. Құрманғазы Сағырбайұлы - теңдесі жоқ ұлы күйші. Ол - заманындағы қоғамдық - әлеуметтік қайшылықтарға, зорлық - зомбылыққа қарсы күресіп өткен адам. Ол 71 жасында қайтыс болды.

Күй анасы Дина Нұрпейісова Орал облысының Жаңақала ауданында дүниеге келген. Дина бала кезінен күйшілік өнерге аса ынталы көңілмен зер салып, Дәулеткерей, Әлікей, Түркеш, Ұзақ, Есжан, Байжұма, Баламайсан күйлерін шебер меңгеріп, «домбырашы қыз» атанған әйгілі күйші композитор. Динаның күйшілік өнерін естіген Құрманғазы, Динаны әдейі іздеп келіп, домбырашылығына сүйсініп, батасын берген. Содан Құрманғазы күйлерін халық арасына кеңінен таратып, қалың жұртшылықтың көңілінен шығады. Қазақ жерінің Батыс өнерінің күйшілік өнердегі өршілдігі мен Дәулеткерейдің сырбаз сыршылдығын қос қанаты еткен Дина күйшілікте өз қолтаңбасын қалдырды.

Д/ойын: «Ойлан тап!»

Ойынның мақсаты: Балалардың ойлау қаблеттерін дамыту.

Ойынның шарты: Үнтаспадағы аспаптардың үнін табу.

1. Домбыра аспабының үні қойлады.
2. Қобыз аспабының үні қойылады.
3. Жетіген аспабының үні қойылады.

-Жарайсыңдар балалар қәне бәріміз орнымыздан тұрып бойымызды серігітіп алайық

*Домбыраны қолға алып,
Күйшілерше шертейік.
Бишілерше бұратып,
Дөңгелек билейік*

-Жарайсыңдар балалар!

-Енді, балалар жұмыс орнымызға отырып домбыраны мүсіндейік.

-Балалар ермексазбен жұмыс істеу барысында қандай ережелерді сақтауымыз керек?

Ермексазды ауыздарымызға салмаймыз, ермексазды тактайшаның үстіне қойып жұмыс жасаймыз.

Видео арқылы домбыраның жасалу жолын түсіндіру.

Балалар жеке жұмыс жасайды

Міне балалар біздің домбырамыз жасалып болды.

Балаларды мадақтау.

Балалар бүгінгі іс-әрекетімізді қортындылайықшы.

-Біз қандай аспаптармен таныстық?

Дидактикалық ойын: «Аспаптарды ажырат»

Ойынның шарты: Тақтаға ұлттық аспаптардың суреттерімен қатар әртүрлі суреттер ілінеді. Балалар сол суреттердің ішіндегі ұлттық аспаптардан басқа суреттерді алып тастаулары керек.

-Өте жақсы балалар.

-Енді бәріміз көзімізді жұмайық.

-Көзімізді ашайық.

-Менің қолымнан не көріп тұрсыңдар?

-Балалар бұл сиқырлы қобдиша. Қобдишаның ішінде сендердің бүгінгі еңбектеріңді, білімдеріңді бағалауға арналған жұлдызшалар бар. Жұлдызшаның ортасында киелі домбырамыздың суреті бейнеленген.

-Сендерге көп рахмет!

Балаларды жұлдызшамен бағалау.

«Ғажайып пішіндер»

Жанакова Асемгүл, №10 «Балапан» бөбекжайы МКҚК-нің тәрбиешісі
Орал қаласы



Мақсаты: Балаларға геометриялық пішіндер туралы білімдерін қалыптастыра отырып, қарапайым математикалық ұғымдарын бекіту, пішіндерді ажыратып айта білуге, оларды қоршаған ортамен салыстырып, түр түсін, заттардың көлемін анықтай білуге дағдыландыру. Логикалық ойлау қабілеттерін ойын арқылы дамыту, зейін-

дерін белсенділіктерін арттыру. Балаларды ұйымшылдыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу.

Әдіс тәсілдері: Әңгімелесу, сұрақ-жауап, түсіндіру, көрсету.

Алдын ала жүргізілетін жұмыстар: ырғақты жаттығулар жасайды.

Қажетті көрнекі құралдар: геометриялық пішіндер, карточкалар, слайд, суреттер.

Қостілділік компонент: дөңгелек- круг, үшбұрыш- треугольник.

Барысы: Балалар жарты шеңбер бойымен тұрады.

Амандасу.

Үлкенге де сіз,сіз.

Кішіге де сіз,сіз.

Сәлем бердік сіздерге

Құрметпенен біз,біз.

Шаттық шеңбері.

Балабақшам армысың!

Сені жақсы көремін.

Достарым менің бармысың!

Құшақтасып алайық,деп оқу қызметін бастаймыз.

Тәрбиеші: Балалар, айтыңдаршы қазір жылдың қай мезгілі?

Балалар: Көктем мезгілі.

-Ал, көктемде қандай ерекшеліктер болады?

Балалар: -Күн жылынады, ағаштарда жапырақтар өседі, жерге шөптер гүлдер өседі.

Құстар жылы жақтан ұшып келеді.

Тәрбиеші: Балалар бүгінгі оқу қызметіміздің тақырыбы «Ғажайып пішіндер». Жаңағы сендер айтқан көктем ерекшеліктерін пішіндермен суреттеп, құрастырып көреміз. Балалармен пысықтау ретінде пішіндерді құрастыру.

Балаларға пішіндер туралы слайд көрсету.

Тәрбиеші: Балалар бізге қонаққа Айгерім атты қуыршақ қонаққа келді. Оның қолында дорбасы бар, ол оны жолдан тауып алыпты. Дорбаның ішіндегі пішіндерді білмейді екен. Сендерден көмек сұрап келіпті.

Көмектесеміз бе, балалар!?

Балалар: Ия, әрине

Дорбаның ішінен геометриялық пішіндерді алып көреді де, пішіндер туралы жұмбақтардың жауабын шешеді.

Шуақ шапқан күнге ұқсаймын көбірек.

Менің атым дөңгелек.

Атына сай балалар

Үш бұрыш үш жағы бар

Ол пішінді кім табар. (үшбұрыш)

Төрт бұрышы, төрт қабырғасы бар.

Бұл қай пішін (төрт бұрыш)

Балалар дорбаның ішінен шыққан әртүрлі геометриялық пішіндердің түстері де, көлемдері әртүрлі екенін айтады.

Тәрбиеші: Балалар, осы пішіндерді ұстап көргенде, қандай айырмашылықты байқаймыз? Салыстырайық. Қуыршақ Айгерім міне, дорбаның ішіндегі пішіндерді анықтады.

Енді, сендер сол пішіндерді тізбектеп көріңдер.

Балалар қуыршақ Айгерім пішіндерді тізбектеп қойып отырып, шатасып кеткенін айтады. Балалар қуыршақ Айгерімге көмектеседі.